



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

place. . I've heard it in the frustrations of Americans who've seen their paychecks dwindle or their jobs disappear -- proud men and women who feel like the rules have been changed in the middle of the game.

Н.Назарбаев «ойын» мен «тағам» концептілері бар метафораларды қолданбаса, Б.Обама сөздерінде біз оларды кездестіреміз:

«Ойын»: *In 2008, the house of cards collapsed.*

«Спорт» және «ойын» метафораларын қолдану Америка халқының спортқа ерекше көңіл бөлетіндігін көрсетеді.

«Тағам»: *With a rule like that, I guess it was worth crying over spilled milk. . I hear it gets even more complicated once they're smoked.*

Осылайша, шешендік өнер тәсілдері әрі тілге көркемдік беретін, әрі тыңдаушыға прагматикалық әсер ететін күші бар құрал. Сол себептен ежелгі шешендердің, саясаткерлердің қолданған риторикалық тәсілдерді қазіргі кездегі саясаткерлер де кең қолданады. Шешендік өнердің белгілі тәсілдерін қолдану да елдің ұлттық ерекшеліктерін көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қосымова Г. Шешендік өнердің негіздері. Алматы: Баянжүрек баспасы, 2007. – 295 б.
2. Афанасенко Е. В. Семантический повтор в политическом дискурсе (на материале русского и английского языков), автореферат. Саратов, 2006. – С. 18.
3. Лакофф Дж., Джонсон М. Метафоры, которыми мы живем // теория метафоры. - М., 1990.
4. Бүркіт О. Қазақ тіліндегі қайталамалардың лингвостилистикалық жүйесі: Филол.ғыл.док. дисс. -Алматы, 2002.

УДК 81'373:[811.111+811.512.122]

АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ КОМПОНЕНТІ БАР ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР

Дүйсенбекова Ақшолпан Әнетқызы

[Aksh_mila@mail.ru](mailto:Аksh_mila@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 4 курс студенті, Астана қаласы

Ғылыми жетекшісі - аға оқытушы Манапбаева А.Т.

Тіл «мәдениет көрінісінің құралы», «мәдениет компоненті» және «мәдениет бөлігі» секілді дәстүрлі түрде анықталады. Мәдениет дамуы ұлт қойнауында жиі терең қабаттасу мен әлеуметтік өзгеріс жағдайында пайда болады, дегенмен мәдени дәстүр қамтамасыз етілетін ұлт бірлігінде. Тіл мен мәдениет қатынасы «ұлт» деген компонентті қосып, «тіл-мәдениет-ұлт» деген үштікке айналды. Э. Сепир осы аумақтың методологиялық негізгі зерттеуі болған, тіл мен мәдениет феноменінің бірлігі (ұқсастықтары) мен ерекшеліктері (айырмашылықтары) туралы тезис ұсынды: «Мәдениетті анықтауға болады, берілген орта жасайды, ойланады. Тілде бар емеспе, қалай ойланатыны... Тіл мазмұны мәдениетпен ажырамастай тығыз байланыста екені белгілі». [1]

Ең алдымен тіл мен мәдениет онтологиялық жалпылама негізі бойынша байланысты. Тіл және мәдениет - бұл адам дүние танымын көрсететін сана-сезім, түсінік формасы. Негізгі тіл халықтың ішкі және материалдық мәдениетінің іске асуы және халық көрінісінің ұлттық формасы болып табылады. Соңғы рет ұлы неміс ғалымы Вильгельм фон Гумбольдтың (1767-1835) еңбегінде қарастырылды. Ол өз «Мәдениет тілі мен философиясы» еңбегінде, тіл ол ұрпақтан ұрпаққа жететін, халық рухының іске асу нәтижесі деп қарастырды. Тіл әлем бейнесін суреттейді.

Болашақ ұлт белгілерінің бірі ретінде тіл халық мәдениетінің пайда болуы мен көрінісінің негізгі формасын ұсынады. Тіл ол мәдениеттің «ішкі формасы», ал мәдениетте тіл ішілік заттық-түсінік мазмұны бар.

Тиісінше жоғарыда айтылған мәлімет бойынша, құрама тәсіл, біріншіден, мәдениеттің тілдегі бейнесінің фактілері бойынша пайда болу талдамалары, екіншіден, терең тіл ішілік компонент арқылы тіл фактілерінің түсініктемесі белсенді және перспективті бағытта «тіл-мәдениет-ұлт» мәселесінің шешімін ұсынды. [2]

Мәдениет аралық зерттемелер ерекше белсенділік иеленеді. «Тіл-мәдениеттің ғылыми зерттеулерін басқару сапасы бойынша үлкен мағынаға ие болатын жолбастаушы»-деп американ ғалымы Эдуард Сепир мәдениет аралық коммуникациядағы тілдің орны туралы айтты. Тіл арқылы басқа халықтың мәдениетті түсінуі, халықтық өзгешелік пен ерекшелікті тануы, түрлі этникалық қоғамның бір біріне қызығушылығы мен сенімі үшін халықтық мәдениеттің диалогына мықты база береді. [1]

Тілдегі фразеологиялық жүйенің ұлттық мәдени ерекшеліктер мәселесі-көптеген лингвисттердің зерттеу пәні болып келеді.

Ұлттық-мәдени компонент деп көбінесе географиялық, тарихи, мәдени-тұрмыстық қатысы бар фразеологизм құрамына кіретін эквивалентсіз лексиканы айтады.

Мәдениет-ерекше тарихи халық жады. Тіл оның шоғырландырылған функциясының арқасында, өткен шақтың және осы шақтың, тек осы шақ емес болашақ ұрпақтардың диалогын қамтамасыз етіп сақтайды.

Әрбір мәдениеттің тілдік жүйесі бар. Тіл мәдениет ішінде өмір сүрмейді, ол мәдени спецификалық адам әрекетінен пайда болған мәдениеттің маңызды бөліктерінің бірі. Тіл мен мәдениеттің жарқын және тығыз байланысы фразеология деңгейінде көрінеді. Әсіресе фразеологизмде әлем бейнесі, халықтық мәдениет, наным-сенім, дәстүр және халық қиялы мен тарихы жиі бейнеленеді. Фразеологияның зерттелуі тек тілдің өткен шағына емес, оны қолданушының тарихын, мәдениетін терең түсінуге мүмкіндік береді. Сондай ақ тұрақты сөз тіркесінің күрделі және түрліобразды табиғатын терең түсінуге мүмкіндік береді. Фразеологизмнің ұлттық-мәдени спецификасын ашу мен суреттеуге деген талпыныс, тілдегі адам танымы, ой-пікір, әлем түйсігі және ұғыну жолдарын зерттеу мәселелерімен тығыз байланысты. В.А. Маслова берілген тілде сөйлейтін тіл қолданушының бір түсті білімімен, халықтың тарихи-мәдени дәстүрімен фразеологиялық бірліктің тығыз байланысын көрсетті. Оның пікірінше фразеологиялық тіркес нақты әлем картинасының белгілерін өзіне тіркейді. [3]

Соңғы уақытта лингвисттер салғастырмалы зерттеулерге көңіл аударуда. Кез келген тілдің ұлттық-мәдени ерекшеліктері мен өзгешеліктері фразеология кеңістігінде анық айқын көрінеді. Бір тілдің фразеологиялық бірлігі басқа тіл фразеологизмдерінің арасында толық сәйкестік таппайды. Осының барлығы салғастырмалы зерттеудің барлық жерде белсенді екенін көрсетеді.

Фразеологияның салғастырмалы зерттеуі екі тілдің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтауға мүмкіндік береді. Фразеологиялық бірлік мағынасын ашу арқылы, қаншалықты екі тіл фразеологиясы түрлі тарихи-мәдени жағдайда дамитынын анықтайды.

Құрылымы әр түрлі ағылшын және қазақ тілдерінің сөздік қорындағы сан алуан атаулардың ішінде өте жиі қолданылатын, мағынаға бай, қолданыс ауқымы кең тілдік бірліктердің бірі - фразеологиялық теңеулер.

Фразеологиялық теңеулердің басым көпшілігі ұлттық негізді арқау ете отырып пайда болған. Олар – ұлт өмірінің айнасы, сондықтан да бойында сақталған ұлттық мәдени негіздерге сүйенеді, себебі өркениеттің өрісі қаншалықты екені де тілден бөлек дүние емес. Ендеше ұлт мәдениеті ұлт тілінен бөлінбейді. Тіл мен мәдениет - өркениет дамуының ең алғашқы кезеңдерінен бастап үйлесімділік пен сәйкестікте өмір сүріп келе жатқан құбылыс.

Тілде көрініс табатын ұлттық ерекшеліктер фразеологизмнің құрамындағы ұлттық мәдени компонентімен байланысты. Мәселен, үй жануарларының тақырып тобын қарасақ,

қазақ тілінің фразеологиялық теңеулерінде көбіне *жылқы, қой, түйе* компоненттері, ал ағылшын тілінде *шошқа, тауық, қаз* компоненттері жиі қолданылады, яғни кей атаулардың фразеологизмдік белсенділігі қазақ тілінде жоғары, ағылшын тілінде төмен болса, ал кейбір атаулардың осы қасиеті керісінше ағылшын тілінде жоғары, қазақ тілінде төмен болып келеді. Мысалы: ағылшын тілінде *Grin like a Cheshire cat* - Чешир мысығы секілді күлу, *eat like a pig* - шошқа сияқты жеу, *dance like an elephant* - піл секілді билеу, *as agile as a monkey* - маймылдай епті, шапшаң, *poor as a church mouse* - тышқандай тыныш. Қазақ тілінде *Ала тайдай бұлдірді, құтырған бурадай зіркілдеді, бие сауымдай уақыт, қозы көшіндей жер, ботасы өлген түйедей зарлау*.

Дүниетаным, ойлау қабілетінде салғастырылушы тіл иелері халықтарда ортақ болғанымен, өмір сүру жағдайы, табиғи орталығындағы айырмашылыққа қатысты бейнелеу, суреттеу, әсерлеу нысандары мен эмоционалдық жағынан алғанда әр халықтың өзіндік ұлттық ерекшелігі бар. Мысалы, қазақ тіліндегі *қыздың жиган жүгіндей* деген фразеологиялық теңеудің ағылшын тілінде баламасын табу өте қиын. Бұл – қазақ халқының көшпелі тұрмыс-тіршілігі, өмір салтымен байланысты әсемдікті танытудың көрінісі. Сол сияқты, ағылшын тіліндегі *(as) dumb as a woollen Indian* (сөзбе-сөз: дүкен алдында тұрған индеецтей), жалпы топас, ақымақ деген мағынада қолданылады. Жарнама ретінде Америкада темекі сататын дүкендердің алдында индеецтің ағаш мүсіндерін қою осы елдің дәстүріне жатады. Ал американдықтар түсінігінде ертеде индеецтер ақымақ, топас деп бағаланған. Келтірілген мысалдардан теңеу бейнесінің негізі ретінде екі тілде әр түрлі мағыналық топтардың құрамына кіретін атаулар қолданылатыны көрінеді. Олардың қолдану аясында әр тілге тән ерекшеліктермен қатар, екі тілге де ортақ белгілері де кездеседі. Бұл айтылған ой фразеологиялық теңеулердің концептілік құрылымы мен коннотативтік мағынасына талдау жүргізу арқылы дәйектеледі.

Фразеологизмдердің ішкі формаларының тасалануынан олардың мағыналарының күнгірттенуі шығады. Ондай фразеологизмдердің сырын, жасалу тәркінін тілдің ішкі заңдылықтарынан гөрі экстралингвистикалық факторлар мен этимологиядан іздеу қажет. Мысалы, *кәрі қойдың жасындай жасы қалды* фразеологизмі қой түлігінің тіршілік ету мерзімін (10 шақты жылдай) бақылаудан туған. Осы жайт ауыс мәнде жасы ұлғайған адамға қатысты айтылатын бейнелі тіркестің тууына негіз болған. Ағылшын тіліндегі *to fight like Kilkenney cats* (Килкени мысықтарындай айқасу) - өлімге бас тігіп қырқысу деген мағынада қолданылатын фразеологизмнің қалыптасуына XVII ғ. Kilkenney мен Irishtawn қалалары арасындағы қантөгістің аяғы екі қаланың да қирап бітуіне әкелген тарихи уақиға негіз болды.

Фразеологиялық теңеулер кез келген тілдің фразеологиялық қорының елеулі бөлігін құрайды. Теңеу – көркем ойлаудың ұлттық ерекшеліктері жинақталған, дүниетанымның ұлттық өзгешеліктері бас қосқан логика-философиялық және лингвистикалық категориялардың санатына жатады.

Теңеу лингвистикалық категория ретінде қазіргі тіл білімінің жаңа бағыттарының бәрінің де зерттеу нысаны бола алады. Бұл бағыттардың ішінде құрылымы әр түрлі тілдердегі фразеологиялық теңеулерді лингвомәдениеттану және когнитивтік лингвистиканың негізгі ұстанымдарына сүйене отырып салыстырмалы-салғастырмалы зерттеу жүргізудің мәні ерекше. Себебі халықтың дүниетанымы, өмірге және қоршаған ортаға деген көзқарасы, салт-дәстүрі, көңіл-күйі әр халықтың жалпы фразеологиясынан, оның ішінде әсіресе, фразеологиялық теңеулерден көрініс табады. Фразеологиялық теңеулер жекелеген өмір құбылысына нақты баға беретін, ғасырлар бойы атадан балаға мұра ретінде беріліп отыратын, әр халықтың өмірінен қызықты деректерді өз бойына жинақтаған халық мұрасы. Сондықтан, туыстас, не туыстығы жоқ тілдердегі фразеологиялық теңеулерді лингвомәдени және лингвокогнитивтік тұрғыдан зерттеу әр тілдің өрнек бояуын, ұлттық ерекшелігін, менталитетін, қайталанбас қасиетін танып білуге, олардың мағына қалыптасуындағы және тілдік қолданыстағы қасиеттерін ашуға мүмкіндік береді. Осы тұрғыда туыстығы жоқ қазақ және ағылшын тілдерінің фразеологиялық теңеулерінің мағына қалыптасуының негізін ашу ерекше мәнге ие. Теңеулердің ішкі мазмұнын анықтауда

уәжтану теориясына жүгінген жөн. Уәждеме теориясына сүйене отырып, бастапқы еркін тіркестер негізінде жасалған фразеологизмдердің түп төркініне зер салып, уәжін айқындау, сол арқылы тіркестің қалыптасу түп көзін тауып, өзіндік ерекшеліктерін ажырату арқылы олардың мәні мен мазмұнын ашуға болады. Фразеологизмдердің фразеологиялық мағынасы олардың ішкі мағыналық құрылымында жатқан бейне арқылы уәжделеді. Мысалы, қазақ тіліндегі *құмырсқадай құжынаған, құмға сіңген судай, сүліктей жабысты*, ағылшын тіліндегі *dumb as a fish* (балықтай тілсіз), *as brave as a lion* (арыстандай айбатты), *dance like an elephant* (пілше билеу) сияқты тіркестердің фразеологиялық мағыналарының ішкі формасы айқын, яғни олардың мағыналары ішкі формалары арқылы уәжделіп қалыптасқан.

Қазіргі тіл біліміндегі өзара туыс және туыс емес тілдерді салыстырмалы-салғастырмалы тіл білімінің ұстанымдары мен әдістемелерін кең қолдана отырып зерттеу-отандық және шетелдік тіл біліміндегі ерекше дамып келе жатқан жаңа бағыттардың бірі. [4/5]

Ағылшын және қазақ тілдері фразеологиялық теңеулерін тақырыптық тұрғыдан топтастырғанда теңеу образы ретінде келетін екі тілдегі атаулардың кездесу жиілігі мен арақатынасында айырмашылықтар бары анықталды.

Сонымен, қандай да бір тіл болмасын оның фразеологиялық қоры ұлт мәдениетін, менталитетін, ұлттың психологиясын барынша қамтиды. Қазақ және ағылшын тілдерінің фразеологиялық теңеулерін жүйелеп, салыстырмалы-салғастырмалы талдау жүргізіп, баяндау арқылы осы ерекшеліктерді анықтауға тырыстық. Діні, мәдениеті, тарихы, әлеуметтік және саяси даму жолдары бөлек ағылшын және қазақ халықтары тілдеріндегі фразеологиялық теңеулерді салыстыра-салғастыра зерттеу арқылы олардың бойындағы ұлттық-мәдени ерекшеліктерін айқындау, ортақ айшықтарын табу, теңеулердің жасалуына негіз болған уәждерді ашып көрсету, мағына қалыптасу жолдарындағы ерекшеліктерін анықтау осы жұмыстың өзектілігін айқындайды.

Әдебиеттер:

1. Сепир Э., Избранные труды по языкознанию и культурологии, М.: Прогресс, 1993.
2. Фон Гумбольдт В., Язык и философия культуры, М.: Прогресс, 1985.
3. Маслова В.А Лингвокультурология, учебное пособие для студ. высш. учеб. заведений. – Москва: Издательский центр "Академия", 2001.
4. Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. – Алматы: Мектеп, 1978.
5. Мықтыбаева Т.Ж Қазақ және ағылшын тілдеріндегі фразеологизмдердің коннотативтік семантикасы: Дисс. филол. ғ.к. – Алматы, 2005.
6. Сабитова М.Т. Салыстырмалы фразеологияның кейбір мәселелері // Қазақстан мектебі, 1983.
7. Сабитова М.Т. Основы немецкой и казахской сопоставительной фразеологии. – Алматы, 1999.

УДК 81

ПАРЕМИИ НА УРОКАХ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА: ФОРМИРОВАНИЕ КОММУНИКАТИВНЫХ УМЕНИЙ

Ерниязова Дана Сакеновна

dana_erniyazova@mail.ru

Магистрант Евразийский Национальный Университет им. Л.Н. Гумилева
Астана, Казахстан

На уроках иностранного языка развитие коммуникативных навыков и умений может осуществляться различными способами: диалоги, обсуждения, аудирование, развивающие игры, моделирование ситуаций и т.д. Развитие языкового компонента заключается в